

М.Ж. ҚАЛШАБАЕВА., С.А. САРТАЕВ

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Қазақстан
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ТЕРІС МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫНЫҢ АЛДЫН-АЛУДАҒЫ РӨЛІ

Аннотация

Мақалада қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын алу азаматтық қоғам институттарының атқарып жатқан рөлі қарастырылады. Мемлекеттік органдар жүйесі, үкіметтік емес ұйымдар, отбасының рөлі, мектеп, діни ұйымдардың кәмелетке толмағандарға байланысты атқарар қызметі талданып, ұсыныстар мен тұжырымдар беріледі.

Тірек сөздер: кәмелетке толмағандар, азаматтық қоғам институттары, құқық бұзушылық.

Ключевые слова: несовершеннолетние, институты гражданского общества, правонарушение.

Keywords: minors, civil society, the offense.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын-алу мәселесі қашан да өзінің өзектілігін жоғалтпаған. Жалпы құқық бұзушылықтың алдын-алу шаралары қылмыстылыққа қарсы тұрудың әрекетшіл және адамгершілікті тәсілдерінің бірі ретінде мойындалады.

XVII ғасырдың өзінде ақ Вольтер қылмыстың алдын алу өркениетті қоғамның басты міндеттерінің бірі деген болатын. Қазіргі кезде құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының пәрменді болуы, біріншіден, қоғамдық қатынастардың әділетті дамуына әсерін тигізсе, екіншіден экономикаға да тигізетін тиімді жақтары бар. Арнайы зерттеулердің нәтижелері көрсеткеніндей бір адам өлтіру қылмысының алдын алған жағдайда, мемлекеттің экономикасына түсетін миллиондаған қаржылай шығындарды қысқартады. Мысалы, бір нашақорды екі ай бойы кемдегенде 150 мың, ал бір қылмыскерді түрмеде бір жыл бойы ұстау үшін 302 мың теңге кетеді [1].

Қазақстандық заңгер ғалымдар М. Лукьяненко, Ж. Заяцтың [2] пікірінше, құқық бұзушылықтың алдын алу қызметі құқыққа қайшы мінез-құлықты туғызатын себептерді табу, жою және бейтараптандыру мақсатын көздеп, азаматтардың құқыққа сай, жоғары өнегелі мінез-құлқын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін жүргізілетін әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық-саяси ұйымдастырылған, құқықтық және тәрбиелеуші шаралар жүйесі деп есептейді.

Алдын алу шаралары мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен, ұйымдар, мекемелер, қоғамдық бірлестіктермен және азаматтармен жүзеге асырылады. Осылардың ішінде ерекше орынды, қазіргі уақытта мемлекеттік құрылымдар алады. Кеңестік қоғамның құрылуы және дамуы кезеңінде құқық бұзушылықтың түрлі топтары бойынша жұмыс жасайтын алдын-алу органдарының жүйесі қалыптасқан болатын. Соның ішінде ерекше орынды әрқашанда жасөспірімдермен жұмыс жасайтын органдар алатын еді. Қазіргі уақытта қоғамның әлеуметтік-саяси және экономикалық бағдарына байланысты жасөспірімдер арасындағы қылмыстылықтың өзгеруі профилактикалық жүйенің көптеген жақтарының жетілдіруін, қайта құрылуын талап етеді. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының профилактикасы бүгінгі таңда тұрақты сипатқа ие деп айтуға болмайды.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының профилактикасы көп деңгейлі жүйе болып табылады және билік органдарының барлық кешенінің әрекеттерімен анықталады.

Елімізде құқық бұзушылықтың алдын алудың жалпымемлекеттік жүйесінің жасақталып, жұмыс істеуін қамтамасыз ету, бұл іске жұртшылық пен халықты кеңінен тарту керек. Осы бағыттан

ерекет етуші әлеуметтік профилактика мен заңды сыйлаушы азаматтарды тәрбиелеу шараларының жүйесінің қалыптасуының басымдылығы шығады.

Бұл жерде балалар қылмыстылығы жөнінде әңгіме болғандықтан, оларға тән ерекшеліктерді есепке алу қажет.

Біріншіден, кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың жас бойынша топтары (14 пен 18 жас арасындағы жасөспірімдер) әлеуметтік ортаның әсерімен анықталатын, жыныстық жетілу кезеңінің процесімен байланысты, психофизиологиялық ерекшеліктермен сипатталады.

Екіншіден, жастар қылмыстылығының өсуі жастар ортасындағы түрлі девиантты мінез-құлықтарының көбеюі фонында өтеді, мысалы: қаңғырушылық, қараусыздық, бақылаусыздық, алкоголизм, нашакорлық және таксикомания, жезөкшелік және басқалар.

Үшіншіден, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының жасырын қалуы, ол өз кезегінде тек жасөспірімдердің өздерінің ортасында жасалған құқық бұзушылықтарды жасыруымен ғана байланысты емес. Мысалы, жасөспірімдер мектеп қабырғасында болған қорқыту, алдауларды өздерінің педагогтарынан, құқық қорғау органдарынан жасырып қалуды жөн көреді. Құқық қорғау органдары, өздерінің назарларын ауыр және аса ауыр қылмыстармен күреске аударып отырып, көбнесе ауыр емес қылмыстарды назарсыз, тіркеусіз қалдырады, осындай әрекеттермен «көлеңкелі» юстицияны қалыптастырады. Осы орайда жастар жағынан қылмысты қол сұғушылық құрбандары болу тәуекелі өсуде.

Төртіншіден, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының, онымен күрес шараларына деген жоғары «сезімталдылығы». Дәл осыған байланысты ерте жастан бастап профилактика жолымен нақты нәтижелерге қол жеткізуге болады. Профилактиканың үштік жүйесі, яғни заңды сыйлайтын жеке тұлғаны мектепке дейін, мектепте және жоғары оқу орнында тәрбиелеу деңгейлері, Қазақстандық тәжірибеге толықтай еңгізу қажет.

Жалпы, профилактика органдарының жүйесі, олардың қызметтері, міндеттері және құзіреттері Қазақстан Республикасының 9 шілде 2004 жылы №591-ІІ қабылданған «Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының профилактикасы және балалардың бақылаусыздығының және қараусыздығының алдын алу» туралы Заңмен анықталған. Профилактиканың негізгі субъектілері ретінде кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия, тұрғындарды әлеуметтік қорғауды басқару органдары, білім беру басқару органдары, қорғаншы және қамқоршы органдары, жастар істер бойынша органдар, денсаулық сақтауды басқару органдары, еңбекпен қамтамасыз ету органдары, ішкі істер органдары қарастырылған. Көп жағдайда бұл органдар арасында өзара байланыс деңгейі жоқ болып, олар тек өздеріне тиесілі міндеттерін атқарумен шектеледі.

Жастар мен кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстылықтың өсуі жаһандық «әлеуметтік аутсайдер», яғни жастар мен балалар өмір сүріп жатқан қоғамнан тыс, одан шығарылып тастау салдары болып табылады. Бұл өтпелі кезеңге тән, апатты, басқару мүмкін емес сипаттағы әлеуметтенудің дефектісі нәтижесінде орын алатын жағдай. Қазақ қоғамында, өкінішке орай, өскелең ұрпақтың қалыптасу процесінде әлеуметтік бақылау жүйесі құлдырап, отбасы, мектеп, балалар және жастар ұйымы сияқты көптеген дәстүрлі институттар өзінің мәнін жоғалтып, олардың орнына «көше институттары» келген болатын. Ал бүгінгі таңда қазақстандық жастардың дүр сілкініп, қоғамдық өмірге белсене араласа бастағаны байқалады. Мәселен, бүгінде елімізде 720-дан астам жастар ұйымдары жұмыс жасайды, олардың қызметіне 1,2 миллионнан астам жас адамдар қатысуда.

Ресей заңгері В.В. Сорокин құқықтық сананың деңгейінің төмендігін азаматтық қоғам, мемлекет және құқықтық жүйе құрылымдарының аяқталмаған, жетілмеген күйімен байланыстырады. «Құқықтық сананың пісіп жетілуі, - деп жазады автор, - құқықтық реттеу тетігінің жетілуімен ғана емес, сондай-ақ құқықтық қызмет субъектілерінің өздерінің пісіп жетілуі деңгейіне байланысты» [3].

Қазақстанда қазіргі уақытта азаматтық қоғам институттары құрылудың қиын кезеңін өткеріп жатыр, олардың көбісі әлеуметтік, экономикалық, саяси құбылыстармен байланысты, күйзеліс жағдайында болды. Елімізде азаматтық қоғам қалыптасу сатысында болғандықтан, үкіметтік емес ұйымдар салыстырмалы түрде жаңа феномен болып табылады. Оларға көп жағдайда тәжірибе, кәсібилік және қаржыландыру жетпей жатады. Сондай-ақ күйзеліс орталықтары және сенім

телефондары сияқты қызметтерге қоғамның сенімін қамтамасыз ету қиын, өйткені бұл қызметтер жаңа, таныс емес құбылыс болып табылады. Мемлекеттік құрылымдар үкіметтік емес ұйымдармен қоян-қолтық араласып, жұмыс істеп үйренбеген, олардың көбейіп келе жатқанына күмәнмен қарайтын секілді. Мысалы, мұндай ұйымдардың бас бостандығын айыру мекемелерге кіруі қиындатылған немесе мүмкін емес. Және мұндай жалпылама тәжірибе тек қана Қазақстан бойынша ғана емес ТМД елдері бойынша да сондай жағдай.

Жетекші шет мемлекеттерде құқық бұзушылықтардың алдын-алу тұжырымдамасы бір мағыналы: яғни құқық қорғау органдары профилактикамен айналысуға міндетті емес, өйткені ол әлеуметтік қызметтер мен жергілікті бірлестіктердің құзіретінде. Балалар мен жасөспірімдердің бірлестіктерінің нысандарының алуан – түрлі, жастар ортасындағы өнегелік бағыттардың жеткіліксіздігімен, идеологиялық нигилизммен, діни талғамның көптігі, байсалды әлеуметтік емес құбылыстарға қарсы тұруға қабілетсіздікпен үйлесіп отырады. Сондықтан да жастар мен кәмелетке толмағандардың қылмысты мінез-құлқының алдын алуда азаматтық қоғамның барлық институттары тарапынан қолдау қажет.

Жастардың құқықтық әлеуметтенуін макродеңгейлер мен қатар микродеңгейдің де тигізетін ықпалы өте күшті. Оның ішінде жас жеткіншектің алғашқы құқықтық әлеуметтену тәрбиесін жинайтын жері - ол отбасы. ҚР ҰҒА академигі С.З. Зиманов қазақ халқының құқықтық мәдениетін зерттей отырып, отбасының маңызын былай деп анықтаған: «Баласының табиғи дарынын байқаған ата-анасы оған би болу жолында дұрыс бағыт-бағдардағы тәрбие беруге тырысқан. Ең алдымен отбасында оған қазақтың айшықты сөз өнерін, әдеттік-құқықтық дәстүрлері мен ережелерін үйреткен, логикалық мәселерерді шешуді, яғни соттық қызмет барысында кездесетін сан-қилы өмірлік мәселенің түпкі негізін табуды үйренуге көмектесетін, қисынды сөзбен қиоластырылған жұмбақ сөздің астарын табуға баулыған» [4]. Жалпы азаматтық қоғамда және қылмысты мінез-құлқтың алдын-алуда шешуші роль ойнайтын, дәстүрлі маңызды институт ол – отбасы.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстары мен басқа да құқық бұзушылықтарының алдын-алуда отбасының ролі, мүмкіндіктері, міндеттері мен мақсаттары құқықтық және педагогикалық әдебиеттерде елеулі түрде жеткіліксіз қарастырылғанын айту керек. Көп жағдайда отбасылық тәрбиенің криминогенді жеткіліксіздіктері мен олардың салдары қарастырылады, санасында деформациялар пайда болған балалардың құқық бұзушылықтан тартынуына отбасының ықпалының әдістемесіне көбірек көңіл бөліну қажет екені байқалмай қалады.

Отбасылық профилактиканың мақсаттары мен әдістері туралы айтылып кеткендерді қорытындылай келе, оның балаларды дұрыс іс-әрекетке тартуға, ұжымдағы қалыпты мәртебені қалыпқа келтіруге көмекке, демелыс саласын реттеуге негізделуі қажет екенін айту керек. Мамандардың бағалауы бойынша, шамамен 90% жағдайларда профилактика бірінші кезекте болмағанымен, нақты жеке тұлғаның бар оң қасиеттеріне сүйене алады екен.

Қазақ қоғамындағы болған түбегейлі өзгерістер жастар мен кәмелетке толмағандардың діни саласында да өз ізін қалдырды. Мешіт пен шіркеу әлеуметтік институттар, діни ұйымдардың түрі ретінде азаматтық қоғамның ажырамас элементі ретінде сипатталады. Мешіт пен шіркеуге тиесілі – қайырымдылық, мейірімділік, парасатты өмір үлгісі, бітімгершілік қызметтеріне, мәдени-ағарту акцияларына қатысу, отбасын бекуіне үлес қосу, есірткеге құмарлық пен басқа да өнегеге қайшы көріністердің алдын-алу, бақытсыздыққа ұшырағандарға қолдау көрсету сияқты адамгершілік қызметтері - әрқашанда өнегелік жаңарудың кейіпі болып табылады. Мұндай қызметтер азаматтық қоғамның негізгі идеясы - әлеуметтік саладағы шеттетуді жеңу – идеясына сәйкес келеді.

Қазақстандық жастардың діншілдігін талдау алдыңғы жастар арасындағы дінге деген теріс қатынастарын жеңгені жөнінде айтуға мүмкіндік береді. Егер 10 – 15 жыл алдын барлық жастағы топтардың діншілігінің ең төмен көрсеткіші (1 - 2%) жастар арасында болса, ал бүгінгі таңда бұл көрсеткіш – 32,1% құрайды. Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың өзгеруі жастарға күшті әсер етуші дәстүрлі емес, деструктивті тоталитарлы діни қозғалыстардың жандануына алып келеді. Секталарға тартылған жастар мен жасөспірімдер «ұстаздың мейірімі үшін» көбірек құқық бұзушылықтарға барады. Мұндай жағдайда тек қана тоталитарлы секторлардың жастарының дүниетанушы көзқарастарына қарсы әсер етудің арнайы-зәңі әдістері жеткіліксіз болып табылады. Түрлі девиациялардың алдын-алушы құралдардың бірі болып, мектептерде дінтану курсын өткізуді ұйымдастыру және оқыту болу мүмкін. Түрлі діни ағымдардың өкілдері осы бағытта

жұмыстарды әлдеқашан бастаған және көмелетке толмағандарды діни тәрбиелеу міндетіне ғана емес, сондай-ақ жеке тұлғаның өнегелік тәрбиесіне, толеранттылық идеясын дамытуға да жауап береді. 2006-2008 жылдарға арналған этникааралық және конфессияаралық келісім үлгісін жетілдіру Бағдарламасына сәйкес Қазақстанда жалпы 8 жоғары діни оқу орныдары (2 ислам, 1 католик, 1 лютеральды, 4 протестантты), 6 арнайы орта және 3 жалпы діни білім беру мекемелері әрекет етеді [5].

Қазақстандық мемлекеттік саясаттың балаларға қатысты мақсаттарының бірі олардың физикалық, интеллектуалдық, психикалық, рухани және өнегелік дамуына септігін тигізу, оларды патриотизм және азаматтық сезімімен тәрбиелеу, сонымен қатар баланың жеке тұлғасын қоғам игіліктеріне жүзеге асыру болып табылады. Бұл қызметтер, әрине ҚР Конституциясына және заңдарға, қазақ халқының дәстүріне, қазақ және әлемдік мәдениет жетістіктеріне, халықаралық құқықтың қағидалары мен нормаларына сәйкес келуі керек.

Мәдениеттің мінез-құлықтық соның ішінде құқықтық аспектісі жеке тұлғаның дүниетанымдық орнатылымдармен анықталатыны құпия емес. Ұлы орыс жазушысы Л.Н. Толстой «жақсылыққа сендірудің ең құдіретті түрі жақсылыққа толы өмірдің үлгісі» деп айтқаны дұрыс емес пе. Тек, балаға өнегелік бағыттар, рухани үйлестік, өзінің тағдырына деген сенімділікті табуға мүмкіндік беретін, жаңа ғасыр үлгісі қандай болмақ. Сондықтан емес пе екен, жастар ортасында құқықтық нигилизмнің жайылуы, бүгінгі қоғамның рухани күйзеліске ұшырауы, рухани бағыттар көрсетуі былай тұрсын, баланың құқықтары мен мүддесін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ.

Көмелетке толмағандарды жыныстық қатынас жөнінде ақпараттарға құлағдар ету, қауыпты ауырулардың алдын-алуға көмектесетіні анық. Алайда қоғамның өзі мұндай мәселелерді шешуге дайын еместігін мойындауымыз керек. Осыған байланысты балалар мен жастарды тәрбиелеу сұрақтары бүгінгі таңда үлкен мәнге ие болып отыр. Жеке тұлғаның өнегелік дамуы балалық шақтың ерте кезінен бастау алып, адам өмірінің барлық кезеңдерімен жалғасып жатады.

Орыстың атақты философы И.А. Ильин: «Махаббат пен бақытпен ұйып отырған отбасы, рухани денсаулық, байсалды мінез, шығармашылық тапқырлық мектебінің дәл өзі» деген әділетті пікірімен келіспеуге болмайды [6, 1466]. Дәл отбасын дәстүрлі түрде адамзаттың тәрбие белгісі, «адамзат мәдениетінің бастамасы» деп атау қалыптасқан [6, 1426]. Жылдан жылға балаларды тәрбиелеу және оқытуға байланысты өздерінің міндеттерін дұрыс атқармайтын және ішкі істер органдарында осы себептермен тіркеуде тұрған ата-аналар саны көптеп өсуде.

Балаларды өнегелік тәрбиелеуде отбасымен қатар, басқа да әлеуметтік институттар, және бірінші кезекте мектеп белсенді роль ойнауы қажет. XIX ғасырдың екінші жартысынан-ақ отандық педагогикада тәрбиелік процесстің адамгершілікті, рухани және өнегелік бағыттары дамып келеді [7].

Бүгінгі таңда мектептерде – оқу курстары көмегімен рухани орнатылымдарды меңгеруден жастарды өнегелік тәрбиелеуде белсенді рольдерге дейінгі түрлі әдістер жүзеге асырылуы мүмкін. Яғни, өскелең ұрпақтың қоғамға пайдалы еңбектерге, түрлі әлеуметтік акцияларға, жастардың қоғамдық ұйымдарына қатысуы жөнінде әңгіме болып отыр. Бұл өз кезегінде жас адамдарға олармен қабылданған шешім үшін жауапкершілікті, елде болып жатқан өзгерістерге ортақтау сезімін қалыптастырып, өзгерістер тұрақтылығын қамтамасыз ететін, демократия, азаматтық қоғам институттарының бекуіне септігін тигізеді.

Біздің еліміздегі мемлекеттік құрылымдармен жүзеге асырылатын алдын-алу жұмыстарын талдай отыра, отандық және шетелдік зерттеушілер профилактиканың әдістерінің жетілмегенін көрсетеді.

Отбасы, үкіметтік емес ұйымдармен, қайырымдылық қорлары, мешіт, шіркеулер жүзеге асыратын, әсер етудің ескерту нысандары көмелетке толмағандармен жеке жұмыс жасау мүмкіндігінің бар екендігін білдіретіні күмәнсіз. Мұның да өзінің құндылығының барлығы даусыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Егемен Қазақстан газеті 16 мамыр 2008 жыл. «Жас Отан» еліміздің жастар орталығына айналады. Ж.Самрат.
2. Лукьяненко М, Заяц Ж. Проблемы противоправного поведения молодежи: социально-акмеологический и правовой анализ.- Алматы, Аркас, 2004.
3. Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. – 8-е междунар. Изд. СПб., 2000.- С. 176.

4. Зиманов С.З. Қазақтың ата-заңдары және оның бастаулары // Қазақтың ата заңдары. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – Т. 1 – 18 б.
5. ҚР 2006-2008 жылдарға арналған этникааралық және конфессияаралық келісім үлгісін жетілдіру Бағдарламасы.
6. Ильин И.А. О сущности правосознания // Собр. соч.: В 10 т// Сост. и ком. Ю.Т. Лисицы.- М., 1994. Т 4.
7. Кривонос А.Н. Исторический опыт борьбы с безпризорностью // Государство и право. 2003. №7.- С. 13.

REFERENCES

- 1 Egemen Қазақстан gazeti 16 мамыр 2008 zhyl. Zhas Otan elimizдің zhastar ortalyғыna ajnalady. Zh.Samrat.
- 2 Luk'janenko M, Zajac Zh. Problemy protivopravnogo povedenija molodezhi: social'no-akmeologicheskij i pravovoj analiz. Almaty., Arkas, 2004.
- 3 Rajs F. Psihologija podrostkovogo i junosheskogo vozrasta. 8-e mezhdunar. Izd. SPb., 2000.- S. 176.
- 4 Zimanov S.Z. Қазақтың ата-заңдары және оның бастаулары. Қазақтың ата заңдары. Almaty: Zheti zhargy, 2001. Т. 1 18 б.
- 5 ҚР 2006-2008 жылдарға арналған этникааралық және конфессияаралық келісім үлгісін жетілдіру Бағдарламасы.
- 6 П'ин И.А. О сущности правосознания. Собр. соч.: В 10 т. Сост. и ком. Ю.Т. Лисичи. М., 1994. Т 4.
- 7 Krivososov A.N. Istoricheskij opyt bor'by s bezprizornost'ju. Gosudarstvo i pravo. 2003. №7. S. 13.

ҚАЛШАБАЕВА М.Ж.,

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің құқық кафедрасының аға оқытушысы Алматы қаласы, Қазақстан САРТАЕВ С.А.

заң ғылымдарының кандидаты, ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,

*конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті,
Алматы қаласы, Қазақстан*